

1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы Кеңес мемлекетінің жерге орналастыру саясаты (Ертіс өңірі материалдары бойынша)

Айсара А. Оралбекова^{1*}, Гульнур А. Абенова²,
Айжан Р. Ботабекова³

Шәкәрім атындағы университет, Семей, Қазақстан

*Корреспонденция үшін автор:

¹ aysara.oralbekova@bk.ru

E-mail: ² ab.gulnur@mail.ru

³ aizhan.botabekova@mail.ru

¹<https://orcid.org/0000-0002-9727-8388>

²<https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>

³<https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-128-141>

Аңдатпа. Мақала 1920-1930 жылдардағы кеңестік жер саясаты аясында жер нормаларын қалыптастыру мәселесін зерттеуге арналған. Мақаланың басты мақсаты – Ертіс өңіріндегі жер нормаларын белгілеу, жерге орналастыру жұмыстарының құрылымын, іске асырылу барысы мен нәтижелерін зерттеу болып табылады. Сондай-ақ жерге орналастыру жұмыстары барысындағы жергілікті халық арасындағы таптық күрес пен жер дауына қатысты қақтығыстар сынды ғылыми әдебиеттерде жеткілікті түрде қамтылмаған мәселелер қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзін – Абай облысының «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру» орталығының мәліметтері құрады. Бұрын ғылыми айналымға түспеген деректер негізінде Ертіс өңірінің ұлттық аймақтарындағы жер, әлеуметтік және мәдениетаралық қатынастар кешені туралы мәселесінің тарихнамасы толықтырылды.

1926 жылдан бастап Қазақстан бұрынғы Ресей империясы тұсындағыдай басқа аймақтардан қоныс аударатын өңірге айналып, Ертіс өңірі «артық жер ресурстарын» іздеуде белсенді түрде пайдаланылғандығы анықталады. Мал шаруашылығына сәйкес келетін жер нормативтері қысқартылып, артық жерлер ауыл шаруашылығына және халықты қоныстандыруға қайта бөлінгендігі атап өтіледі.

Кеңес үкіметі тарапынан Ресей империясы кезіндегі отарлық жер саясатының қайшылықтарын жоюға талпыныс жасап, алғашында отарлық езгіден босаған тұрғындарды жермен қамтамасыз ету, кейін қоныстандыру саясатын жүзеге асыру бағытында жер нормасын белгілеу, жер қорын анықтау шаралары жүргізілгенімен, нәтижесінде аталған шаралардың ойдағыдай жоспар бойынша орындалмағандығы анықталды. Соның ішінде, Ертіс өңіріндегі жер реформаларының жүзеге асырылу барысы күрделі және біркелкі емес сипатта жүргізілгендігі туралы қорытынды жасалынды.

Түйін сөздер: Кеңес үкіметі; жерге орналастыру; жер нормасы; реформа; тәркілеу; ауыл шаруашылығы.

Received 27.08.2023. Revised 27.09. 2023. Accepted 15.10. 2023. Available online 30.12.2023.

For citation:

Oralbekova A., Abenova G., Botabekova A. The land management policy of the Soviet state in Kazakhstan in the 1920s-1930s (based on materials from the Irtysh region) // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 145. – No. 4. – P. 128-141. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-145-4-128-141

Для цитирования:

Оралбекова А., Абенова Г., Ботабекова А. Политика землеустройства советского государства в Казахстане в 1920-1930-е годы (по материалам Прииртышья) // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 145. – №.4. – С. 128-141. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-145-4-128-141

Кіріспе

Қазіргі таңда елімізде экономиканы, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласын дамытуды ынталандыру жолдарын іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы ауыл шаруашылығы саласының жағдайын айқындайтын өзекті мәселелердің бірі – жер мәселесі. Ауыл шаруашылығын дамытудың қазіргі аспектілері қазақ ауыл шаруашылығын дағдарысқа ұшыратқан әртүрлі әлеуметтік-экономикалық факторларды терең зерттеуді қажет ететін бірқатар теориялық сұрақтарды туындатады. Аграрлық сектордағы соңғы дағдарыстың тамырын 20 ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы әлеуметтік-экономикалық ортадан іздеуге болады. Сол себепті 1920 жылдардағы қазақ халқының жерге орналастыру мәселелерін және Қазақстандағы жерді әртүрлі шаруашылық жүйелермен пайдаланудың күрделі процесін зерттеу аса маңызды болып табылады.

Ертіс өңірі – бүгінде Абай облысы мен Шығыс Қазақстан облысы және Павлодар облысының территориясын алып жатқан экономикалық маңыздылығы жоғары аймақ болып саналады. 1920-1930 жылдар аралығындағы Ертіс өңіріндегі жерге орналастыру мен пайдалану сияқты аграрлық қатынастарды зерттеу мәселесі күрделі әрі зерттелмеген тұстары көп тақырып болып табылады. Аталған кезеңдегі жер реформасын жүзеге асыру барысында жіберілген кемшіліктер мен қателерді тереңнен зерттеудің практикалық маңыздылығы – қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы заңнамасының табысты жүзеге асырудың әдістері мен құралдарын анықтауға көмектеседі. Жер мәселесі тақырыбының тағы бір ғылыми тұрғыдағы өзекті тұсы, оның жаңа ашылымдарға жол ашатын зерттеулер жүргізу потенциалын, сондай-ақ тарихнамалық талдау арқылы қол жеткізуге болатын кейбір мәселелерді шешу әдістемесін қайта қарау мүмкіндігі болып табылады.

Мақаланың негізгі мақсаты ақпан революциясынан кейінгі Қазақстандағы жер қатынастарын зерттеп, Кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығы саясатының күрделі тұстарын зерделеуді көздейді. Мақсатына жету үшін келесідей міндеттер белгіленді: Ертіс өңіріндегі жерге орналастыру жұмыстарын, шабынды және егістік алқаптарын анықтау науқанын зерттеу (мұрағат құжаттары мен қолжетімді дереккөздер негізінде), жер реформаларының жергілікті тұрғындардың қоғамдық өміріне әсерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Ертіс өңіріндегі жерге орналастыру науқанына қатысты құнды мәліметтердің басым көпшілігі мұрағат құжаттарында сақталғандықтан, мұрағат материалдары зерттеу барысында қолданылған негізгі дереккөздер болды. Мұрағаттарда аталған уақыт аралығындағы жер ресурстарын басқару саясатына, ауыл шаруашылығы реформаларына және соған байланысты тақырыптарға қатысты қаулылар, есептер, хат-хабарлар мен жазбалар сияқты құжаттарды анықтау үшін жүйелі іздеу жұмыстары жүргізілді.

Дегенмен де 1920-1930 жылдар аралығындағы Ертіс өңіріндегі жерге орналастыру науқанына қатысты құнды мәліметтердің басым көпшілігі Абай облысының «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында» шоғырланғаны белгілі. Аталған мұрағаттың әсіресе 152-қорының (Семей губерниялық жер басқармасы) құжаттары Ертіс өңірінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайын ашуға ықпал етті. Аталған қордың құжаттарында 1920-1930 жылдардағы Ертіс өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық саясаттың әртүрлі аспектілері туралы мәліметтер қамтылған. Атап айтқанда, қазақ

қоғамындағы таптық қатынастарды орнату үшін кеңестер құру, партиялық ұяшықтардың қызметі, жерді игеру процестері, егістік және шабындық жерлерді анықтау, жеке меншік иелерін жою үшін жер бөлу, байлардың мүлкін тәркілеу науқандары, салық саясаты мен ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау шаралары сипатталған.

Мақаланы дайындау барысында жер реформаларының құрылымын, жерді бөлу және пайдалану үрдістерін қарастыруға және сипаттауға мүмкіндік беретін ақпаратты талдау және синтездеу сияқты тарихи зерттеу мен ғылыми талдаудың жалпы ғылыми әдістері қолданылды. 1920-1930 жылдар аралығындағы Ертіс өңіріндегі жерге орналастыру жұмыстарының хронологиялық, логикалық, сандық және сапалық қатынасын зерттеуде салыстырмалы тарихи әдіс кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, тарихшылдық, ғылыми объективтілік, тұтастық және даму принциптері сақталынды. Тарихшылдық принципіне сүйене отырып, материал хронологиялық ретпен берілсе, объективтілікке мұрағаттық құжаттарды тарту арқылы қол жеткізіледі.

Талқылау

1920-жылдары зерттеушілердің көпшілігі Кеңес үкіметінің жерге орналастыру саясатына қатысты біржақты баға берді. 1921-1922 жылдардағы жер реформасы ұлттық мүддеге көзделінген, нәтижелері таптық және саяси тиімділік тұрғысынан қарастырылды. Мысалы, Сластухин «Социалистическое переустройство казахского кочевого аула» мақаласында шабынды және егістік жерлерді қайта бөлу, ауылда таптық күрестің пайда болуына ықпал етті, патриархалдық-тайпалық қалдықтарға соққы беріп, ауылды орталандыруға әкелді деп жазды (Сластухин, 1933: 35).

XX ғасырдың 30-шы жылдарының ортасы мен 50-жылдардың ортасы жер мәселесі бойынша зерттеу жұмыстарының аздығымен сипатталады. М.Ким өз еңбегінде уақытша үкіметтің жер саясатының негізгі мазмұнын ашып көрсетіп, оны патшалық отарлау саясатының тікелей жалғасы деп бағалады. Зерттеуші Кеңес үкіметінің алғашқы жылдардағы ауылшаруашылық қызметіне де талдау жасай отырып, 20-жылдардың басындағы Қазақстандағы Кеңес өкіметінің аграрлық саясатының өңірдегі аграрлық мәселелерді толық шеше алмағандығын орынды атап көрсеткен (Ким, 1947:105). «Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.)» атты еңбегінде Г.Ф. Дахшлейгер де 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасы қазақ ауылындағы жер жүйесін өзгертпеді деген дәл сол пікірді ұстанады (Дахшлейгер, 1965: 171).

Ал, Б.Семевский болса, керісінше «Экономика кочевого хозяйства Казахстана в начале реконструктивного периода» еңбегінде 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасы, сондай-ақ егістік пен шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны қазақтар арасында егіншіліктің дамуын қамтамасыз етті деп баға береді (Семевский, 1941: 98).

Келесі тарихнамалық кезең 1950 жылдардың ортасы мен 1980 жылдар ауылдың шаруашылық тарихын зерттеуде сапалық және сандық бетбұрыспен сипатталады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдардағы аграрлық саясатының мазмұны туралы мәселеге әртүрлі көзқарастар пайда болды. А.Чупековтың Кеңес үкіметінің алғашқы аграрлық шаралары («Жер туралы декрет», «Жерді әлеуметтендіру туралы декрет», «Социалистік жерге орналастыру туралы декрет») қазақ халқының жерді пайдалану дәстүріне айтарлықтай әсер етпеді деген тұжырымдамаға келеді (Чупеков, 1961: 113).

Шаруашылық жүргізудің экономикалық жүйесінің географиялық шарттылығы тұрғысынан Ж. Б. Абылхожин «Традиционная структура Казахстана. Социальноэкономические аспекты функционирования и трансформации (1920-30 гг.)» атты еңбегінде Қазақстанның дәстүрлі құрылымының жұмыс істеуі мен трансформациясының экономикалық аспектілерін қарастырды. Ол қазақтардың дәстүрлі жер пайдалануына назар аударып, 1926-1927 жылдардағы шабындық және егістік жерлерді қайта бөлудің негізгі мазмұны мен нәтижелерін жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастырды (Абылхожин, 1991).

Кеңес үкіметінің жер қатынастарына қатысты мәселесін зерттеу шетелдік тарихнамада да көрініс тапқан. Соның ішінде, Гарвард университетінің профессоры Терри Мартиннің іргелі зерттеуі өте маңызды. Автор өз еңбегінде Қазақстандағы 1920 жылдардың басындағы Жер реформасы кезінде ұлтаралық қақтығыстарға қатысты дәлелдер келтіреді (Мартин, 2011). Шетелдік ғалым С.Кэмерон жүргізген зерттеулерде басты назар ашаршылық тақырыбына аударылғанымен, Қазақстандағы аграрлық отарлаудың салдарлары мен нәтижесіне де талдау жасалынады (Камерон, 2020).

Исмагулов Ұ.Ш. және Исмагулова Д.М. мақаларына кеңестік жер саясатындағы жер нормаларын қалыптастыру мәселесіне жан-жақты талдау жасалынады. Мақалада тың мұрағат материалдары негізінде жер нормаларын белгілеудің мәні, олардың қалыптасу ерекшеліктері және жер қорын анықтау жұмыстарының жолдары қарастырылады (Исмагулов, Исмагулова, 2022).

Аталған кезеңдегі Ертіс өңіріндегі жерге орналастыру мәселесіне байланысты құнды мәліметтер көптеген өңірлік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Қ.Қ. Байсаринаның «Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру тарихы мен тағылымы» атты оқу құралында 1920-1930 жылдар аралығындағы өңірдің қоғамдық-саяси жағдайы баяндалып, күштеп ұжымдастыру науқаны кезіндегі орын алған тәркілеу мен жер бөлу мәселелері талқыланады (Байсарина, 2014). Ал «Семей өңіріндегі ашаршылық және оның зардаптары (1931-1933 жж.)» еңбегінде ашаршылықтың басты себептерінің бірі Кеңес үкіметінің жүргізген тиімсіз аграрлық реформалары екені аталып өтіп, оның Семей өңіріндегі салдарлары туралы баяндалады (Байсарина, 2021).

Г. Халидуллиннің «Аграрная политика советской власти в Казахстане 1917 -1940г» атты диссертациясында жалпы Қазақстандағы жер қатынастарына сипаттама берсе (Халидуллин, 2001), Р.Ж. Екібаевтың кандидаттық диссертациясы Ертіс өңірінің ХХ-ғасырдың 20-30 жылдарындағы қоғамдық-саяси өмірімен қатар, жалпы экономикалық даму деңгейі мен хал-ахуалын түсінуге мүмкіндік береді (Екібаев, 2010)

А.С. Әділбаева, және Т.У. Жақыпова ғалымдардың мақалаларында аталған кезеңдердегі Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты аясында жүзеге асырылған күштеп қоныстандыру мен тәркілеу және жер бөлу шаралары салдарынан өзгеріске ұшыраған демографиялық өзгерістерге талдау жасалынады (Әділбаева, Жақыпова, 2022).

Атантаева Б.Ж. және т.б. авторлардың Конфискация байских хозяйств как составная часть политики коллективизации в 20-30-е годы XX века (на примере Восточного Казахстана) еңбегінде Шығыс Қазақстан облысындағы байлардың мал-мүлкін тәркілеу жұмыстарының құрылымы мен жерлерінен айырылған ауқатты шаруалардың сол кездегі хал-ахуалы жайы кеңінен тарқатылады (Атантаева, Ахметова, 2021).

«The historical memory on modernization of the Kazakh aul in Soviet narratives» [Кеңестік әңгімелердегі қазақ ауылын жаңғырту туралы тарихи естелік] атты Жанбосинова А.С. және т.б. авторлардың мақаласында, қазақ ауылдарын жаңғырту желеуімен жүргізілген жер реформаларының көшпенді қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне тигізген әсері туралы баяндалады (Zhanbosinova, 2020).

Нәтиже

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан Ресейдің экономикалық жағынан артта қалған шеткері отар аймағындағы орналасқан елдер қатарынан болды. Ертіс өңірінің экономикасының маңызды салаларының бірі ауыл шаруашылығы болды. Аймақтағы ерекше тарихи және экономикалық жағдайларына байланысты ауыл шаруашылығы айтарлықтай аумақты алып жатты. Ауыл шаруашылығы аясында егіншілік пен мал шаруашылығы кең тарады. Семей, Өскемен, Павлодар және Бұқтырма уездері - отырықшы аудандар қатарына жатса, Зайсан және Қарқаралы уездері егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысты.

1920 жылдардың басындағы Қазақстандағы жағдай өте қиын болды. Азамат соғысының және ашаршылықтың зардаптарынан бөлек, 1921 жылдың жазындағы қуаңшылық

жағдайында енгізілген салықтың мөлшері халық үшін адам төзгісіз ауыртпалық түсіртті. Елдегі қиындықтарға қарамастан Кеңес үкіметі РКФСР құрамына енген азиялық шеткі аймақтардың әлеуметтік-экономикасын жаңғырту міндетін алға қойды және де бұл процесте жер реформалары жетекші орын алды.

Автономия құрылған күннен бастап Коммунистік партия мен Кеңес мемлекеті Қазақстандағы жер мәселесін шешудің басты мақсаты патшалық «отарлау саясатының» зардаптарын жою деп жариялады. Лениннің ҚазАКСР құрылғаннан кейін көп ұзамай А.А. Иоффеге жазған хатының мазмұны жергілікті халықтың сеніміне ие болу маңыздылығын көрсетеді. Ленин жаңа өкіметтің империалистік еместігін екендігін және шовинистік мінез-құлыққа жол берілмейтінін дәлелдеу үшін қажетті құралдарды қолдануды талап етті (Дахшлейгер, Нурпейсов, 1985: 106).

Басты оқиғалардың бірі бұрын қазақ халқынан тартып алынған жерлерді қайтару болды. 1921 жылы 2 ақпанда және 19 сәуірде шыққан жарлықтардың негізінде Ақмола, Қостанай, Торғай, Семей, Орал губернияларындағы 1921 жылдың ақпанына дейін қоныс аударушылар игермеген қазақ шаруаларына бос жерлері қайтарылды. Қазақ халқына дворяндарға, капиталистерге, монастырларға жалға берілген жерлер, сондай-ақ патша үкіметі Сібір және Орал казак әскерлерінің пайдалануға берген жерлері қайтарылды. Жер қорын қайта бөлудің объективті бағасын Г.Ф. Дахшлейгер және К.И. Нурпейсов өз еңбектерінде: «1921–1922 жж. реформа Қазақстандағы аграрлық мәселені толық шешпеді және оны мақсат етпеді де... Бірақ қазақ еңбекшілеріне жерді қайтару фактісінің өзі және ауыл еңбеккерлерінің жер-су пайдалануын іс жүзінде теңестіру шараларының экономикалық және саяси маңызы жоғары болды» (Дахшлейгер, Нурпейсов, 1985: 108) деп атап өтті.

Шындығында 1920-1930 жылдардағы ұлттық округтер мен республикалардың жер құрылымындағы өзгерістер жергілікті халықтың барлық топтарының өмір салтына түбегейлі әсер етті. Ертіс өңіріндегі жер реформасы аймақтағы қоғамдық-саяси оқиғалармен және жергілікті билікпен анықталатын өзіндік ерекшеліктерге ие болды (Екібаев, 2010: 12).

Саяси оқиғалар демографиялық өзгерістерге де айтарлықтай әсер етті. Саяси депортациялаудың кең етек алуына байланысты Қазақстанға қоныстандырылған әртүрлі этностар есебінен халық санының артуы байқалды. Шығыс Қазақстанда да жергілікті халықтың құрамына жаңа этникалық топтар қосылды (Әділбаева, Жақыпова, 2022: 15)

Өскемен уезіндегі жерге орналастыру науқаны 1922 жылдан бастау алды. Жерге орналастыру алдымен орыс халқының оң жағалауы бөлігінен бастау алды. Барлығы 1922-1925 жылдар аралығында орыс халқынан: 12690 адам 449012 десятина жерге, қазақ халқынан 5008 адам 136689 десятина жерге орналастырылды (кесте 1). Жалпылама 17698 адам 585701 десятина жерге орналастырылды.

Кесте 1. Өскемен уезіндегі 1922-1925 жж. Аралығындағы жерге орналастыру жұмыстары туралы ақпарат (Абай облысының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (ары қарай АОҚЗТҚО) Ф.152. Оп.1. Д.1117. Л.37)

	1922	1923	1924	1925
Орыс халқы	951 адам 15141 дес.	4002 адам 16200 дес.	6652 адам 360060 дес.	1085 адам. 57611 дес.
Қазақ халқы	-	475 адам 30070 дес.	804 адам 45900 дес.	3729 адам 60719 дес.

1924 ж. Ертіс белдеуіндегі 10 шақырымдық жерде үздіксіз жерге орналастыруға байланысты жерге орналастырушы Печуренков қажетті дайындық жұмыстарын жүргізіп, Павлодар уезі Маралда болысының №1 ауылдарының: Моғал, Қозбақ, Қолған, Сырым және Қарауылдағы қазақ халқын жерге орналастыру жобасын жасады. Белгіленген аймақтың

жалпы ауданы 12 721 десятина жер телімін құрады. Жерге орналастыру жобасына сәйкес, «Қарағоба» деп аталатын № 78 жалға алынған әскери учаскесі осы аймақтың нақты пайдаланушылар ретінде Маралда болысының № 1 ауылының тұрғындарына берілді.

Көрсетілген № 78 «Қарағоба» учаскесін пайдалануға Павлодар уезі, Ямышев болысының Дубровский селосының азаматтары да өтініш білдіріп, соның нәтижесінде Семей губерниялық жер басқармасының 1924 жылғы 23 шілдедегі бұйрығымен аталған даулы істі қарап, шешу жұмысы Уездік жер басқармасының уездік комиссисына тапсырылады. Нәтижесінде № 78 «Қарағоба» жері Павлодар уезінің Маралды болысына қарасты № 1 отырықшы жағдайға көшетін қазақ ауылының азаматтарына берілсін деген шешім шығарылады. Себебі Маралды болысының №1 елді мекені, аталған жерді 1910 жылға дейін тарихи құқықтары бойынша пайдаланғаны анықталған (АОҚЗТҚО Ф. 153. Оп.1. Д.2. Л. 86).

Жерге орналастыру жұмыстарының топтық, ауылдық, хуторлық, шекараларды бөлуді рәсімдеу сынды бірнеше түрлері болды. Солардың ішінде ауылдық жерге орналастыру көлемі басым болды. Себебі ауылдық жерге орналастыру жергілікті халықтың өз қаражаты есебінен жүргізілді. Жерге орналастырудың бір жағынан халықтың өз есебінен жүргізілуі, ал екінші жағынан жер өлшегіштердің 33% - дық көлемде ғана жұмысқа ықпал ете алуы, сондай-ақ Уездік жер басқармасының жұмысына қатысты жалпы басшылық пен бақылаудың болмауы, осының барлығы жерге орналастыру топтарының бөлу нормаларына байланысты біркелкі сипаттағы бірқатар қақтығыстарға әкелді. Яғни, кейбір наразы топтар ең жақсы шұрайлы жерлердің кесіп тасталатындығын алға тарқан, мысалы: 1. «Топиха» мен «Раздольный» ауылдарының Черемшан тұрғындарынан бөлінуі. 2. «Гремячий ключ» және «Григорьев» ауылдарының Таулы-Үлбі тұрғындарынан бөліну жағдайларында даулы мәселелер туындаған (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп.1. Д. 1117. Л. 37).

1924 жылдың өзінде жерге орналастыру бойынша Өскемен уезінде 122 іс қаралып, оның 39-ы даулы болып шыққан (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп.1. Д. 1117. Л. 38). Жерге орналастыру науқанындағы даулы мәселер мен қақтығыстардың жиі орын алуының бірнеше себептері болды.

Біріншіден, жерге орналастырудың алғашқы жылдарында жерді бағалауды халықтың өзі агрономның қатысуынсыз жүргізді және нәтижесінде төлем қабілеті бар шаруа қожалықтары басымдылыққа ие болып, шұрайлы жерлерді иемденді. Мысалы, Черемшан қоғамынан бөлінген «Раздольныйда» қуатты шаруашылықтардың 90%-ы көшіп орналасқан. Бұл жағдайда жер өлшеушілерді бейтарап қарым-қатынаста қалды деп айту қиын, себебі олардың жағдайға 33% көлемде ғана ықпал ету мүмкіндіктері бар еді. Әрі ауқатты шаруа қожалықтары, жер өлшеушілер мен агрономдарды өздерінен аулақ ұстау үшін жоғарыдағы тірек топтарға жүгінді (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп.1. Д. 1117. Л. 37).

Екінші себеп, Уездік жер басқармаларының әсіресе, жерге орналастырудың алғашқы жылдарындағы дайындығының жеткіліксіз түрде болуы, қарапайым халыққа Кеңес үкіметінің жерге орналастыру жұмыстарын қандай мақсатта жүргізіп жатқандығы жайлы толыққанды ақпараттың берілмеуі, сонымен бірге аталған басқарманың халықтан және жергілікті билік органдарынан алшақта орналасып, науқанды тек формальды түрде жүргізуі болды. Мысалы, жұмысқа бақылаудың жоқтығын Свердловск болысының Георгиевское селосындағы жерге орналастыру жұмыстарынан көруге болады. Аталған аймақтағы жерлердегі жаңа жоспар бойынша қазақ халқының алданып жатқандығы айқындалған. Атап айтқанда, ескі жоспар бойынша ауылдың оңтүстік жағындағы шекара Шар өзенінің бойымен өтсе, ал Шардың сол жағалауы көшпелі қазақ халқының суармалы аймағы болып келген. Ал жерге орналастырудан кейін белгілі бір себептермен бүкіл «Шар» өзені бойы орыс халқының иелігінде қалып, көрші қазақ ауылдарының, әсіресе №2 ауылдың өзенге қатынау жолы жабылған. Сол жағалауда қазақ халқы мал суару үшін, егістік пен шабындық жерлерге мал айдауға мәжбүр болды, нәтижесінде шабындық пен егістік алқаптарына зиян тиіп, қақтығыстар орын алып отырған (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп.1. Д.1117. Л. 38).

Уақыттың тығыздығына байланысты, тез арада жүзеге асырылған Жерге орналастыру барысындағы жарияланған бұйрықтарда да қайшылықтар байқалады. Мысалы, 1923 жылғы 8 маусымдағы № 1 циркулярда 1923 жылдың 15 сәуіріне дейін қоныстанған және ауыл шаруашылығымен айналысқан барлық азаматтарды жерге орналастыру туралы айтылса, ал 1925 жылғы 11 сәуірдегі ережеде: 31/VII 1922 жылға дейін қоныс аударған азаматтарға ғана жер бөлу туралы айтылады (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп.1.Д 1117. Л. 38).

Үшіншіден, Уездік жер басқармалары уездің, әсіресе қазақ халқы қоныстанған бөлігінің табиғи-тарихи және тұрмыстық жағдайларын зерттеуге назар аудармады, нәтижесінде Уездік жер басқармалары жиналыстарда жерге орналастыру жобаларына қатысты жер өлшеушілердің ұсынған жобаларына дұрыс баға бере алмады.

Өңірлерге науқанды жүргізу үшін арнайы жіберілген жерге орналастырушылар төмендегідей міндеттерді атқаруға тиіс болған:

- а) жерді игеруге жататын жерлердің құрамын анықтау;
- б) жерлерге экономикалық-техникалық тексеру жүргізу;
- в) жергілікті қоғамның сондай-ақ оның жекелеген азаматтардың жер құқықтарын анықтау;
- г) жерге орналастыруға қатысушылардың ұсыныстарын анықтау.
- д) жерге орналастырудың алдын ала жобасын жасау, және жерге орналастыруға қатысушылардың шағымдары мен арыздарын есепке қосып, жерге орналастыру мекемесінің бекітуіне өткізу (АОҚЗТҚО Ф. 153. Оп.1. Д 1. Л. 15).

1927 жылғы Масановтың Семей губерниясындағы жерге орналастыру жұмыстары туралы баяндамасын тыңдалынып, қанағаттанарлық деп бағаланады. Дегенмен де:

- 1) қысқы кезеңде жер өлшегіштерді дайындық жұмыстары бойынша толық пайдаланбау.
- 2) жерге орналастыру партиялары құрамы санының аздығы.
- 3) Жер өлшеушілер қатарына адам сананың жетіспеуі салдарынан біліктілігі төмен жер өлеушілер санаттарының жасаңды түрде жоғарылатуы, сондай-ақ олардың саяси деңгейінің төмендігі мен тек мүдделерін көздеуі сияқты біршама олқылықтар да аталып өтілді. Қызметкерлердің осындай құрамы болғандықтан жерге орналастыру жұмыстарын сәтті жүргізу мақсатында, бұдан әрі жұмыс барысын қатаң бақылау негізге алынды (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп.5. Д 5. Л. 119).

Ертістің сол жағалауы аймағында қазақ халқының арасында жерге орналастыру жұмыстары стихиялы түрде жүргізілді. Тұрғылықты қазақ халқы еңбек учаскелерін бекітуге тырысты. Яғни, рулық топтасулар арқылы, өздерінің руына ежелден тиесілі жерлердің, өзендердің шекараларын анықтап, бекітпек болды. Жерді пайдаланудың мұндай шоғырлануы мен рәсімделуі экономикалық жағдайға байланысты орын алып, қазақ халқының отырықшылыққа ұмтылысын көрсетті.

Жерді қайта бөлу жұмыстары өлкенің қазақ және орыс халқының арасындағы шиеленістерді де күшейтті. Жергілікті «Еуропалық» большевиктер орталық органдардың шешімдерін орындауға кедергі жасады. Семей облысында қазақ халқы арасында жер реформасын жүргізу процесін қолдаудан бас тартқан партия жетекшілері ұсталып, сотқа тартылды. Петропавлда Ә.Кенжин Ақмола губерниялық комитеті мен губерниялық атқару комитетін «шовинистерден» тазартуға әрекет жасады (Григорьев, 1989: 93-98).

Кеңес үкіметінің тағы бір аграрлық шарасы – шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу науқанына болды. Аталған науқанды 20-жылдардың 2-жартысындағы партия мен мемлекеттің жерге орналастыру бойынша жүргізгеніс-шараларының заңды жалғасы болды деп айту қиын. Жаңа экономикалық саясаттың жемісі ауылдық жерлер мен қыстақтардағы шаруашылықтардың өсуінен, сондай-ақ ортшалар мен кедейлер арасындағы одақтың нығаюынан байқалды. Дегенмен бұл уақытша құбылыс болды. Жайылымдық және егістік жерлерді қайта бөлу науқаны ауылдық елді мекендердегі жағдайды нашарлатты. Жеке меншіктің жойылуы ең алдымен байлардың егістік пен жайылымдық жерлерін

бөлу және малдарын тәркілеу әрекеттерінен көрінді. Соған байланысты Бүкілодақтық Қоныстандыру Комитетінің Пленумы 1926 жылдың 5 шілдесінде 1928/29 жылдан бастап халқы тығыз орналасқан аудандардан тұрғындар қоныстандыру үшін жер қорын дайындауға кірісу жөнінде қаулы қабылдайды. (Исмагулов, Исмагулова, 2022: 128)

Жерді қайта бөлу бастамасы жайылымдық және егістік жерлерді қайта бөлу арқылы ауқатты адамдардың жер бөлудегі ықпалын азайтып, бай шаруашылықтарының қоры мен әл-ауқатын тежеу болды. Сонымен қатар, бұл науқан қазақ шаруаларының экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету, олардың таптық санасының дамуына ықпал ету және руаралық байланысты азайту сияқты мақсаттарды да көздеді. Осылайша, шаруалардың таптық санасын тәрбиелеу үшін терең алауыздық пен күрделі әлеуметтік қақтығыссыз-ақ, халық арасына от салып, кедейлердің қолымен байларды ауыл ішіндегі билік орындарынан ығыстырып шығару болды.

1926 жылы 20 мамырда қабылданған қаулыдан кейін Семей губерниясының жер басқармасы оның орындалуын көрсететін нұсқаулықтар шығарды. 1926 жылы егістік және шабындық жерлерді бөлу туралы бастама дер кезінде орындалмады. Губерния бойынша бастапқыда тек шабындық жерлерді бөлу науқаны ғана қолға алынды, және бұл шара барлық аймақтарды толық қамтымады. Губерниядағы әрбір уездің өзіне тән табиғи ерекшеліктері егістік және шабындық жерлерді бөлудің бір мезгілде басталуы мен аяқталуына кедергі болды. Және жұмыс барысында жалпы жер бөлуге қатысты губерниялық жоспарға ғана сүйеніп қоймай, әрбір нақты уезге сәйкестендірілген кешенді, ұзақ мерзімді жоспардың қажеттілігін көрсетті. Осылайша жергілікті жерлерде жер бөлу науқанын жүргізуге жауапкершілік Уездік жер басқармасына жүктелді, ал есептерді қабылдау мен басқару жұмыстары Губерниялық жер басқармасының құзырында болды.

Соған қарамастан, уездердегі жер бөлу науқаны бес бөлімнен тұратын губерниялық жоспар негізінде жүзеге асырылып отырды. Ал Уездік жер басқармасының жоспары Уездік атқару комитеті Президиумының бекітуінен кейін ғана қолданысқа енген. Болыстық атқару комитеттері мен ауылдық кеңестердің жер бөлу жұмыстарын дербес атқара алмауына байланысты, жұмыстың қарқындылығын арттыру үшін Уездік комиссиялар құрылады. Бұл комиссиялар уездік атқару комитетінің және Қосшы одағының төрағалары, уездік атқару комитетінің хатшысы және уездік Жер басқармасының бастығы сынды негізгі тұлғалардан құралды (АОҚЗТҚО Ф.152. Оп.1. Д. 840. Л. 17-23).

1926 жылдың 15 тамызындағы Уездік Жер басқармасының мәліметіне қарағанда, жайылымдық жерлерді тең бөлу жұмыстары тек Өскемен, Бұқтырма және Зайсан ауданына қарасты төрт ауданда ғана ойдағыдай жүзеге асқан. Қарқаралы уезінде жер бөлу жұмыстары үштіктердің енді ғана құрылып жатуына байланысты кейінге шегерілгендігі туралы айтылады. Семей мен Павлодардан тамыз айының ортасына ешқандай есеп түспеген. Егістік пен шабындық жерді тең бөлу науқанының қорытындылары туралы жан-жақты есеп беру үшін губерниялық Жер басқармасы 1926 жылы 20 тамызда уездік жер басқармасының бас қызметкерлеріне жеделхат жолдап, арнайы жиналысқа шақырады.

Алайда белгіленген мерзімге дейін тек Өскемен, Бұқтырма және Семей өңірлерінің өкілдері ғана келіп үлгергені айтылды. Зайсан өңірінен келген өкіл сол айдың 23-інде өткен жиынға қатыса алмай, тек 28 тамызда ғана келген. Жиналыс барысында егістік және шабындық жерлерді тең бөлу науқанын ұйымдастыру мен өткізуге қатысты бірқатар түзетулер енгізілді. Уездік атқару комитетінің мүшелері болыстық атқару комитеті мен ауылдық Кеңестерде нұсқауларды түсіндіру, және науқанға қатысты жұмыстардың орындалуын қадағалау үшін арнайы өкіл ретінде жіберілген.

Семей губерниясындағы егістік жерлерді қайта бөлу нәтижелері: 1927 жылдың көктемінде барлығы – 59646 гектар жер, ал күзінде – 76816 гектар жер, ал 1928 жылдың көктемінде – 3825 гектар жер анықталған (АОҚЗТҚО Ф.152. Оп. 1. Д. 1151. Л. 43-45.) Ал шабындық жерлердің көлемі 1928 жылғы көрсеткіш бойынша барлығы – 866419 гектар жерді құраған (Кесте 2).

Кесте 2. Семей губерниясындағы шабындық жерлерді қайта бөлу нәтижелері (1927-1928 жж.) (АОҚЗТҚО Ф.152. Оп. 1. Д. 1151. Л. 42.)

Атауы	Қазақтардың пайдалануы	Европалық халықтардың пайдалануы	Барлығы
	Гектармен өлшегенде		
Павлодар	143374	52262	195636
Семей	106238	60402	166640
Қарқаралы	212991	8964	221955
Өскемен	37840	33684	71524
Бұқтырма	17346	67653	84999
Зайсан	30292	95373	125665
Барлығы	548081	318338	866419

Өскемен уезді бойынша бойынша 1927 жылғы шабындық жерлерді қайта бөлу жұмыстары біркелкі жүргізілмеді, кейбір болыстарда, мысалы, Ұлан болысында, іс жүзінде, ал басқа өңірлерде тек қағаз жүзінде ғана жүзеге асырылды. Соның салдарынан шабындық жерлерді нақты қайта бөлу таптық қатынастарды біршама шиеленістіріп, кейбір ауылдарда байлар мен кедейлер арасында таптық күрес пайда болды. Қазақтардың шаруашылық ауылдарының көпшілігінде «десятиналық» қайта бөлу іс жүзінде ғана жүргізіліп, бірлік ұғымын халықтың өздері шөп, шөп шабу және басқа да түрлермен алмастырып түсінді. Су басқан шабындықтарды жыл сайын қайта бөлу салдары, топтардың немесе жекелеген азаматтардың қарамағында болған шабындықтардың қараусыз қалдыруына әкеліп соқты. Себебі олар бұл шабындықтардың болашақта өздерінде қалатынына күмәнмен қарады. Байлардың сурмалы шалғынды жерлерді иеленіп қалу мақсатында жерлерді жыртуға ұмтылуы байқалды (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 2.).

Өскемен уезі бойынша қазақ халқы арасында егістік және шабындық алқаптарды тең бөлу жөніндегі уездік бестіктің отырысында Савельченко баяндамасында: Уәкілетті болыс және ауылдық үштіктер егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстарын жүргізу барысында біздің ауыл шаруашылығымызды дамытудың басты бағыты мал шаруашылығы екендігін естен шығармауы тиіс. Егістік жерлерді шабындық жерлерге айналдырып қажету жоқ, керісінше, қайта бөлуге тек нақты жыртылған жердің мөлшері ғана қосылуы керек» деп атап өтті (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 22.). Алайда, мал шаруашылығынан бөлек 1926 жылы 24 қыркүйек айындағы Шыңғастау мен Қатон-Қарағай өлкелеріндегі жерге орналастыру шаралары бойынша өткен жиналыста марал шаруашылығы мен омарта мәселесін егжей-тегжейлі зерделеу мәселесі де алға қойылған. Сондай-ақ аталған шаруашылықтарды дамыту мақсатында жазғы жайылымдық жерлерді басқа жерлерге көшіру қажеттілігі де қарастырылды (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 117. Л. 47.).

1927 ж. 28 Ақпанда алынған жеделхат негізінде Уездік атқару комитеті уездік бестік деп аталатын құрылымды құрды. Уездік бестік әр болысқа бір уәкілетті адамды тағайындады. Губерниялық бестіктің 2 болысқа 1 адамды тағайындау туралы ұсынысына, уездік бестік территориялық аумақтың үлкендігі мен уақыттың тығыздығына байланысты келіспеді (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 26.).

Жер бөлудің көрсеткіші ретінде алғашында әр уездің кем дегенде бір болысында жер бөлу науқанын жүргізу туралы шешім қабылданды: яғни Павлодар уезінде – Уруков болысы, Қарқаралы уезінде – Мендешев болысы, Семей уезінде – Ленин болысы, Өскемен уезінде – Ұлан болысы, Зайсан уезінде – Сталин болысы және Бұқтырма уезінде – Нарым болысы болып бекітілді.

Дегенмен де жер бөлу жұмыстары барлық болыстарда жоспар бойынша жүргізілмеді. Мысалы, іс жүзінде, Ұлан болысындағы егістік жерлерді қайта бөлу 15

сәуірден кешіктірілмей басталып, қалған барлық болыстырға үлгі ретінде көрсетілуі керек еді (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 22.). Ал шын мәнінде, тәжірибе ретінде жүргізілген бұл науқан ойдағыдай нәтиже бермеді.

13 сәуірдегі Ұлан болысы бойынша егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстары былай баяндалады: «Болысқа келгеннен кейін барлық болыс үштіктері жиналып, жиналыстан кейін тәжірибе үшін барлық болыс үштіктерінің қатысуымен №1 әкімшілік ауылда егістік алқаптарын анықтау және жерлерді шаруашылық ауылдар арасында бөлу жұмыстарын жүргізу туралы бірауыздан шешім қабылданды. Қалған ауылдардың барлығын қар басып қалғандықтан, егістік жерлерді анықтау мүмкін болмады... Сәуірдің 14-і күні далалық алқапқа арқандарымызды алып бардық. Ол жерде барлық ауыл үштіктері мен болыс үштіктері де бір мезгілде болды. Одан бөлек, жергілікті және басқа да әкімшілік ауылдардың 50-60 шақты азаматтары да болды. Бір ауылшаруашылық ауылын өлшеп, екіншісінің шекарасына жеткенде, бәрі тоқтап, ол жер біздікі емес, әрі қарай өлшеудің қажеті жоқ деп мәлімдеді. Осы жерде шағын жиналыс құрылып, халыққа алдымен барлық егістік жерлердің жалпы мөлшерін анықтап алу қажетігі, содан кейін ғана жерлерді шаруашылық ауылдар арасында халықтың санына қарай бөлу міндеті тұрғаны түсіндірілді. Сонда ғана халық егістік жерлерді жасыру арқылы басқа ауылшаруашылық ауылының зардап шегуі мүмкін екенін және пайдалануда біркелкілік болмайтындығын түсінді.» (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 27).

Көршілес шаруашылық ауылдары өлшенгеннен кейін, келесі шаруашылық ауылдары ұйымдасқан түрде егістік алқаптарын жасырып қалуға тырысқан. Бірақ бұл әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды, өйткені өлшеніп болған шаруашылық ауылдарының азаматтары барлық жерлер мен шатқалдарды жақсы білгендіктен оларға кедергі келтірді. Осы сәттен бастап белсенділік өсе бастады және барлық дерлік ер азаматтар бұл жұмысқа белсене қатысты.

Яғни, болыстардағы тұрғындар мен ауылдық кеңес мүшелерінің белсенділігінің жеткіліксіз болу себебі, біраз адамдарды қоспағанда, көпшілігінің алдағы жұмыс барысы туралы нақты түсініктері болмаған. Кейбіреулері өздерінің егістік жерлері жасырып қалуға тырысып, байқалмай қалады деп үміттенді.

Егістік жерлерді бөлуге қатысты одан да күрделі жұмыстардың бірі – шаруашылық ауылдар арасында жерлерді бөлу жұмысы болып шықты. Бұл жерде ең алдымен таптық өзгерістерді ескеріп, жерді дұрыс бөлуді жүзеге асыру міндеті тұрды. Аталған жұмыс құрамында сауатсыз адамдары да бар ауылдық үштіктерге жүктелді және жұмыстың табысты болуы негізінен кедейлердің ұйымшылдығына және Қоспы одағының ұйымдасқан әрекетіне байланысты болды (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 28).

Г. Халидуллин «Аграрная политика советской власти в Казахстане в 1917-1940 гг.» атты еңбегінде жерді егістік және шалғынды жерлерге бөлу байлар мен шаруалар арасындағы дұшпандық қатынастарды ынталандыруға, сондай-ақ таптық күресті қолдауға бағытталғандығын, алайда осы науқанның нәтижесінде Кеңес өкіметінің өз мақсатына жете алмағандығын атап өтеді. Себебі байлар мен шаруалар арасындағы ынтымақтастық үзілмей, дәстүрлі түрде өз жерінің жемісін бөлісіп, бірлесіп пайдаланған қазақ қоғамына таптық күрес өте жат болып шықты (Халидуллин, 2001: 115).

Айдарлы ауылының байы Рахим Кумабаевқа қарсы 13 орташа және 11 кедей бірігіп, байдың жерін кедейлер арасында 8 десятинадан өзара бөліп алған. Олардың арасында кезінде Кумабаевтың қол астында жұмыс істеген Жексембин ауылдық үштіктің құрамына сайланып, Кумабаевқа қарсы шыққан. Жерінен айырылған бай, жерінің тым болмаса жартысын қалдыруын сұрап, туғаным емессіңдер ме? Бауырларымсындар ғой деп өтінген (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 46). Нұрғали Қисықовтың ері тәркіленіп, жайылымға қолайсыз Кужра жерінен жер бөлінгенде, ол айғайлап, тауға қарай жүгіргендігі, содан кейін ұсталып, үйінде 4 күн бойы жатып, қатты қайғырғаны айтылады (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 47).

Ауылдардағы таптық бөлінудің белең алғандығын М. Столбовтың Масановқа жазған хатынан да көруге болады: «Ауылдарды қайта бөлу барысындағы таптық күрес мәселесі сізді

қатты қызықтырады деп ойлаймын, бірақ бұл мәселе мен үшін қиын, себебі қате қорытынды жасап, жағдайды асыра сілтеп баяндаудан қорқамын.

Менің тікелей бақылауларым бойынша, 4 шаруашылық ауылдарының ішінде 2-ші ауылдағы тапқа бөліну үрдісі ерекше байқалады. Аталаған ауылды негізінен «Саты» және «Есілгер» рулары мекен еткен болатын. Бұл рулар Сарыөзек тауының жотасымен табиғи шекарамен бөлінген, ал Саты руы аймағы ерекше жақсы жерлерге бай болатын, ал Есілгер өңіріндегі далалық және орманды жерлер үнемі қуаңшылыққа ұшырап тұрды. Жерді қайта бөлу кезінде Саты руы мен Есілгердің кедей шаруалары бірігіп, екі рудың байларын Есілгер руы аймағында қалдырып, ал Саты руының шүйгінді жерлерін кедей және орташа шаруалар арасында бөлісіп алу туралы келісім жасасқан.» (АОҚЗТҚО Ф. 152. Оп. 1. Д. 1125. Л. 83.)

Қорытынды

1920-1930 жылдардағы Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы жерге орналастыру саясаты Ертіс өңірінен алынған материалдар айғақтайтындай, өлке тарихының күрделі де өзгеріске толы тарауы болды. Ұжымдастыру мен индустрияландырудың басты мақсатына негізделген жерге меншіктің, ауыл шаруашылығы тәжірибесінің және қоғамдық құрылымның түбегейлі өзгерген кезеңі болды.

Кеңес үкіметі Қазақстан экономикасын жаңғыртуға және индустрияландыруға ұмтылғанымен, аталған кезеңде жүзеге асырылған саясаттың терең және ұзаққа созылған салдары да болды. Күштеп ұжымдастыру мен ауыл шаруашылығындағы реформалар елеулі сілкіністерге, соның ішінде 1930 жылдардың басындағы қазақтың қайғылы ашаршылығы сансыз адамдардың өліміне және көптеген басқа адамдардың қоныс аударуына әкеліп соқты. Сонымен қатар, жерді пайдалану саясаты терең мәдени әсер қалды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелілердің дәстүрлері тұрмыс-салты жойылып, қазақтың мәдени мұрасы мен болмысына нұқсан келді.

Қазақ халқының басынан өткен қиыншылықтар мен азаптарға қарамастан, Кеңес мемлекетінің жерге орналастыру саясатының өлкенің дамуына ықпал еткен біраз оң тұстары да болды. Қазақстанда неғұрлым индустрияландырылған және урбанизацияланған қоғамның іргетасы қаланып, сайып келгенде, Кеңес Одағының экономикалық және геосаяси контекстіндегі маңызды аймақтардың қатарына қосылды.

Бүгінде Қазақстандағы жер ресурстарын басқару және ауыл шаруашылығы саласындағы саясатты негіздеу үшін өткеннен сабақ ала отырып, осы кезеңді сыни тұрғыдан зерделеудің маңыздылығы жоғары. Жер саясатының күрделілігі мен салдарын түсіну болашақта жерді пайдалану мен ресурстарды басқарудың тұрақты және әділ тәсілдеріне ықпал етуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

Zhanbosinova A.S., Zhandybayeva S.S., Atantayeva B.Z., Zhirindinova K.R., Kazbekova A.T. The historical memory on modernization of the Kazakh aul in Soviet narratives // Opción, Año 36, Regular №91.- 2020. - 426-441.

Абылхожин Ж. Б. Традиционная структура Казахстана. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-30 гг.). - Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 227 с.

Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Абенова Г.А., Тохметова Г.М. Конфискация байских хозяйств как составная часть политики коллективизации в 20-30-е годы XX века (на примере Восточного Казахстана) // «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін: себептері және салдары» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы – Семей қаласы, 2021. – 36-39 б.

Әділбаева А.С., Жақыпова Т. Шығыс Қазақстандағы этнодемографиялық үрдістердің кейбір мәселелері (XX ғ. 20-30 жж.). // Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz», 2022. №9(2).- URL: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/16> (дата обращения: 23.09.2023)

Байсарина Қ.К. Семей өңіріндегі ашаршылық және оның зардаптары (1931-1933 жж.) // «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін: себептері және салдары» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы – Семей қаласы, 2021. – 31-35 б.

Байсарина Қ.К. Шығыс Қазақстандағы ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы (1920-1930): Оқу құралы: - Семей: Семей қ. Шәкәрім атындағы университеті, 2014. - 238 б.

Григорьев В.К., Джағфаров Н.Р., Осипов В.П. Идеино-политическая работа партийных организаций Казахстана (1917–1925 гг.). – Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 176 с.

Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1985. – 247 с.

Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). - Алма-Ата: Наука, 1965. – 171 с.

Екібаев Р.Ж. XX-ғасырдың 20-30 жылдарындағы Ертіс өңірінің қоғамдық-саяси өмірі: Тарих ғыл. канд. дис. Автореф. - Семей, 2010. - 27 б.

Исмагулов Ұ.Ш., Исмагулова Д.М. Қазақстанда жер нормасын жасақтау және жер қорын анықтау мәселелері (1917-1930 жж.). // Отан тарихы. - № 4 (100). – 2022. – 122-131 бб.

Камерон С. Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана / пер. с англ. Алексей Терещенко. М.: Новое литературное обозрение, 2020. – 360 с.

Ким О. Октябрьская революция и аграрный вопрос в Казахстане // Вопросы истории. - №10 – 1947. - С. 81-105.

Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939 / пер. с англ. О. Р. Щёлоковой; Уполномоченный по правам человека в Российской Федерации [и др.]. М.: РОССПЭН: Фонд «Президентский центр Б. Н. Ельцина», - 2011. – 662 с.

Семевский Б. Экономика кочевого хозяйства Казахстана в начале реконструктивного периода // Известия Всесоюзного географического общества. Т. 73. № 1. – 1941. - С. 97-121.

Сластухин Ф. Социалистическое переустройство казахского кочевого аула // Советская этнография. - 1933. - № 1. – С. 32-41.

Халидуллин Г. Аграрная политика советской власти в Казахстане 1917-1940 г.г.: дис.д-ра.ист. наук. - Алматы, 2001. - 253 с.

Чупеков А. Первые мероприятия Советской власти по решению аграрного вопроса в Казахстане (1920-25 гг.) // Ученые записки КазГУ. Сер. истор. - 1961.-Т. 43. Вып. 1. (7). - С. 113-120.

Айсара А. Оралбекова, Гульнур А. Абенова, Айжан Р. Ботабекова

Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан

Политика землеустройства советского государства в Казахстане в 1920-1930-е годы (по материалам Прииртышья)

Аннотация. В данной статье исследуется формирование земельных норм в контексте советской земельной политики в 1920-1930-х годах. Основной целью работы является определение земельных норм, применявшихся в Прииртышском регионе, и анализ структуры, хода и результатов землеустройства. В статье также уделяется внимание аспектам, не получившим должного освещения в критической научной литературе, таким, как классовая борьба и конфликты, связанные с земельными спорами среди местного населения в период землеустройства. Основным источником для исследования служат данные Центра Документации новейшей истории области Абай. Исторический анализ вопросов, связанных с земельными, социальными и межкультурными отношениями на территории Прииртышья, дополняется ранее неопубликованными данными.

С начала 1926 года Казахстан стал привлекательным местом для переселения из других территорий, аналогично тому, как это происходило во времена Российской империи. Иртышский регион активно использовался для поиска «лишних земельных ресурсов». В рамках этой политики были уменьшены нормы землепользования, связанные с животноводством, и излишки земель были перераспределены для развития сельского хозяйства и переселения населения.

Советское правительство стремилось разрешить противоречия, существовавшие в колониальной земельной политике в период Российской империи. И хотя вначале предпринимались шаги по обеспечению избавившегося от колониального гнета народа землей, а также введению земельных

норм и определению объема доступных земельных ресурсов, впоследствии было признано, что эти меры не являлись успешными. В частности, было установлено, что ход реализации земельной реформы в Прииртышском регионе имел сложный и неравномерный характер.

Ключевые слова: советское правительство; землеустройство; земельная норма; реформа; конфискация; сельское хозяйство.

Aisara A. Oralbekova, Gulnur A. Abenova, Aizhan R. Botabekova
Shakarim University, Semey, Kazakhstan

Land management policy of the Soviet state in Kazakhstan in the 1920s-1930s (based on materials from the Irtysh region)

Abstract. This article delves into Soviet land policy and land regulation, focusing on the 1920-1930s. It aims to clarify land use standards in the Irtysh region and analyze land assessment processes, structure, and outcomes. The study also addresses overlooked aspects like class-based conflicts and local disputes over land during development. The primary information source is the Documentation Center for Contemporary History of the Abay Region. It augments historical analysis of land matters, social dynamics, and intercultural interactions with unpublished data.

Since 1926, Kazakhstan has been a sought-after resettlement destination, akin to the Russian Empire era. The Irtysh region was a key area for seeking additional land resources. This involved lowering norms for livestock farming, and reallocating surplus lands for agricultural growth and population relocation.

The Soviet government sought to rectify the disparities in colonial land policy from the Russian Empire era. Initial attempts were made to grant land to those liberated from colonial oppression and to set land regulations while assessing available resources. However, it was later recognized that these measures were not effectively carried out. In particular, the implementation of land reform in the Irtysh region encountered difficulties and advanced unevenly.

Keywords: Soviet government; land management; land norm; reform; confiscation; agriculture.

References

Zhanbosinova A.S., Zhandybayeva S.S., Atantayeva B.Z., Zhirindinova K.R., Kazbekova, A.T. The historical memory on modernization of the Kazakh aul in Soviet narratives. *Opción*, Año 36, Regular. 91. 426-441(2020).

Abylhozhin Zh. B. Tradicionnaja struktura Kazahstana. Social'no jekonomicheskie aspekty funkcionirovaniya i transformacii (1920-30 gg.). [Traditional structure of Kazakhstan. Socio-economic aspects of functioning and transformation (1920-30)] (Alma-Ata: Gylym, 1991, 227p.) [in Russian]

Atantayeva B.Zh., Ahmetova R.D., Abenova G.A., Tohmetova G.M. Konfiskacija bajskih hozjajstv kak sostavnaja chast' politiki kollektivizacii v 20-30-e gody XX veka (na primere Vostochnogo Kazahstana) [Confiscation of bai farms as an integral part of the collectivization policy in the 20-30s of the twentieth century (using the example of Eastern Kazakhstan)] (Semey, 2021, 36-39p.) [in Russian]

Adilbaeva A.S., Zhakypova T. Shygys Kazakstandagy jetnodemografialyk urdisterdin kejbir maseleleri (XX g. 20-30 zhzh.). [Some problems of ethnodemographic trends in East Kazakhstan (20-30s of XX century)] (2022. №9 (2)) [in Kazakh]

Bajsarina K.K. Semey onirindegi asharyshlyk zhane onyn zardaptary (1931-1933 zhzh.). [Famine in the Semey region and its consequences (1931-1933)] (Semey, 2021, pp. 31-35) [in Kazakh]

Bajsarina K.K. Shygys Kazakstandagy uzhyndastyru: tarihy men tagylymy (1920-1930): Oku kuraly [Collectivization in East Kazakhstan: history and lessons (1920-1930)] (Semey, 2014, 238 p.) [in Kazakh]

Grigor'ev V. K., Dzhagfarov N. R., Osipov V. P. Idejno-politicheskaja rabota partijnyh organizacij Kazahstana (1917-1925 gg.) [Ideological and political work of party organizations in Kazakhstan] (Alma-Ata, 1989, 176 p.) [in Russian]

Dahshlejger G. F., Nurpeisov K. N. Istorija krest'janstva Sovetskogo Kazahstana. [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan] (Alma-Ata, 1985, 247 p.) [in Russian]

Dahshlejger G.F. Social'no-jekonomicheskie preobrazovanija v aule i derevne Kazahstana (1921-1929 gg.) [Socio-economic transformations in the aul and village of Kazakhstan (1921-1929)] (Alma-Ata, 1965, 171 p.) [in Russian]

Ekibaev R.Zh. XX-gasyrdyn 20-30 zhyldaryndagy Ertis onirinin kogamdyk-sajasi omiri. [Social and political life of the Irtysh region in the 20s-30s of the 20th century] (Semej, 2010, 27 p.) [in Kazakh]

Ismagulov U. Sh., Ismagulova D. M. Kazakstanda zher normasyn zhasaktaу zhane zher koryn anyktau maseleleri (1917-1930 zhzh.). [Problems of creating land norms and determining land stock in Kazakhstan (1917-1930)], 4 (100), 122-131(2022) [in Kazakh]

Kameron S. Golodnaja step'. Golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazahstana [Hungry steppe. Famine, violence and the creation of Soviet Kazakhstan] (Moscow 2020. 360 p.) [in Russian]

Kim O. Oktjabr'skaja revolyucija i agrarnyj vopros v Kazahstane. [The October Revolution and the agrarian question in Kazakhstan.] №10, 81-105(1947) [in Russian]

Martin T. Imperija «polozhitel'noj dejatel'nosti». Nacii i nacionalizm v SSSR, 1923-1939 [Empire of "positive activity". Nations and nationalism in the USSR, 1923-1939] (Moscow, 2011. 662 p.) [in Russian]

Semevskij B. Jekonomika kochevogo hozjajstva Kazahstana v nachale rekonstruktivnogo perioda [The nomadic economy of Kazakhstan at the beginning of the reconstruction period]. 73(1). 97-121(1941) [in Russian]

Slastuhin F. Socialisticheskoe pereustrojstvo kazahskogo kochevogo aula [Socialist reorganization of the Kazakh nomadic village]. 1, 32-41(1933) [in Russian]

Halidullin G. Agrarnaja politika sovetskoj vlasti v Kazahstane 1917 -1940g.g. [Agrarian policy of Soviet power in Kazakhstan 1917 -1940] (Almaty, 2001, 253p.) [in Russian]

Chupekov A. Pervye meroprijatija Sovetskoj vlasti po resheniju agrarnogo voprosa v Kazahstane (1920-25 gg.) [The first measures of the Soviet government to resolve the agrarian issue in Kazakhstan (1920-25)]. 43. 1(7), 113-120(1961) [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Оралбекова Айсара Аянқызы – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

Абенова Гульнур Атымтайқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Ботабекова Айжан Рымбекқызы – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Оралбекова Айсара Аяновна – докторант, Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан.

Абенова Гульнур Атымтаевна – кандидат исторических наук, Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан.

Ботабекова Айжан Рымбековна – докторант, Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан.

Oralbekova Aysara Ayankyzy – PhD student, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Abenova Gulnur Atymtaevna –Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Botabekova Aizhan Rymbekovna – PhD student, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.



Copyright: © 2023 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).